

Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 27 желтоқсан N 1658.

Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.04.23. N 640 қаулысымен. ~P970640

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі орталық аппаратының құрылымы, қосымшаға сәйкес осы аппараттың қызметкерлері шекті санының негізінде 100 адам болып бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігіне министрдің 3 орынбасарын, оның ішінде бір бірінші орынбасар, сондай-ақ саны 11 адамдық алқа ұстауына рұқсат етілсін.

3. Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар

министрлігінің орталық аппараты үшін 4 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

4. "Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 19 желтоқсандағы N 1808 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 27 желтоқсандағы
N 1658 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар
министрлігі орталық аппаратының құрылымы

Басшылық

Биологиялық ресурстарды қорғау, ұдайы өндіру және пайдалану жөніндегі бас басқарма (заңды тұлға құқығымен)

Мемлекеттік экологиялық бақылау басқармасы

Мемлекеттік экологиялық сараптама және радиациялық экология басқармасы

Экологияның ғылыми-техникалық проблемалары және халықаралық жобалар басқармасы

Табиғатты пайдалану және жоспарлау экономикасы басқармасы

Қаржы басқармасы

Құқықтық жұмыс бөлімі

Кадр және арнайы жұмыс бөлімі

Іс жүргізу ұйымдастыру секторы